


Рахманқұл Бердібай

ӘДЕБИЕТ СЫНЫНЫҢ КӨКЖИЕГІ



Түркістан 2006

Рахманқұл Бердібай

Әдебиет сыншының
көкжиегі

Қарағанды атындағы Халықаралық
Көзек-Түрік Университеті
КІТАПТІХАНА
Түркістан қаласы

266620

Түркістан
2006

ББК 83.3 Қаз х 7
В 44

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Рецензент: ф.ғ.д Ж.Әбіл

Редакция алқасы: Пірәлиев С., Күчүк Ж., Ергөбек Қ.,
Айменов Ж., Қазмағамбетов А., Ибраев Ш.

В 44 Бердібай Р. Әдебиет сынының көкжиегі. Көмекші оқу
кұралы. – Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік
университеті. Түркістан, «Тұран» баспаханасы,
2006. –513 бет.

ISBN 9965 – 733 –59 -7

«Әдебиет сынының көкжиегі» деген жинақта
филология ғылымдарының докторы, профессор, сыншы
Рахманқұл Бердібайдың 1956-1997 жылдарда
республикалық газет, журнал беттерінде жарияланған
мақалалары мен рецензиялары топталған. Кезінде қазақ
әдебиеті сынының жетістігі ретінде қабылданған бұл
мақалалардың көбі автордың бұған дейінгі кітаптарында
жарық көрмеген. Әдеби құбылыстарды көркемдік шындық
заңдылықтары тұрғысынан тексерген бұл еңбек жоғары оқу
орындары филология, журналистика факультеттерінің
студенттеріне, магистранттарына және аспиранттарына
қазақ совет әдебиет сыны курсы бойынша көмекші құрал
ретінде ұсынылып отыр.

ББК 83.3 Қаз

Б 4303000000
00 (05) - 06

©Р.Бердібай, 2006

ПОЭЗИЯ ШЫНДЫҒЫ

Поэзия өмір шындығынан тууға тиіс деген сөзді жиі естиміз. бұл – даусыз шындық. дегенмен, осы қағида әрқашан сақталмайды. Соның салдарынан кейде баспасөз беттерінде көркемдік дәрежесі әлсіз, өмір шындығын бере алмайтын өлеңдер де басылып жүр. Бірақ ондай өлеңдер оқушы жүрегіне жол таба алмайды. Театрды көруші жасайды дегендей, әдебиет те өзінің оқушысымен әдебиет. Әрбір шығарма өмір мүддесінен туып, «өмірдің шақыруына жауап» (Белинский) болғанда ғана өз оқушысын таппақ.

Соңғы кезде поэзиямызда өмір туралы жалпылама өлеңдерден гөрі нағыз өмірді жырлау, өмірге белсене араласу тенденциясы көріне бастады. Бұл жөнінде, әсіресе, жас ақындардың поэзиямызға қосқан жаңа мазмұн, жаңа лебізі қуанарлық оқиға. Солардың бірі – жас ақын Тоқаш Бердияров.

Бердияровтың өлеңдері кейінгі жылдары республикалық газет, журналдарда жиі басылып жүр. Өлеңінің бәрі бірдей мінсіз болмаса да, жас ақынның шығармаларынан нағыз поэзияның ұшқынын анық байқауға болады. Мұны ақын, әсіресе, «Әдебиет және искусство» журналының биылғы жылғы сегізінші номерінде жарияланған «Мен өмір сүремін» атты поэмасында айқын көрсетті.

«Мен өмір сүремін» поэмасының мазмұны - Ұлы Отан соғысына қатысқан совет солдаттың сыры. Поэмада қысқа да болса совет солдаттының әр кезеңдегі: соғыс алдындағы, ұрыс кезіндегі, госпитальдағы, соғыстан кейінгі өмірінің көріністері баяндалады. Поэма өзінің шыншылдық күшімен оқушыны бірден тартып әкетеді.

...Сүйген қызымен киноға барған жас жігіт фильмнің екінші сериясын көруге де үлгірмей, тұтқиылдан басталған соғысқа аттанады. Міне, поэма осылай қарапайым әрі нанымды басталған, өйткені, адам өмірі жоспармен жүргізілетін завод жұмысы емес қой... Міне, жас жігіт Отанын қорғау үшін зұлым жауға қарсы аяусыз күрес жүргізеді. Тұтқынға түскен неміс солдаттына әділ, ызалы сөзін айтады.

Аяғынан айырылып, ауыр қасіретке ұшыраса да жас солдат өмір қызығынан күдер үзбейді. Солдаттың өмір сүйгіш тілегі, сүйгенімен қосылу арманы оны денесіндегі жарақаттан тез айықтырады. Соғыс бітіп, жас солдат туған еліне келеді, сүйгенімен қосылады. Университетке оқуға түседі. Поэманың қысқаша мазмұны осылай. Міне осы жайлар шығармада көп жағдайда көркемдік шешімін тапқан. Оқушы солдат сырына түсініп, жас жігіт өмірі мен өз өмірінен ұқсастық, үндестік тауып отырады. Жас ақын айтайын дегенін негізінде поэзия шындығына көтере білген. Ақынның суреттеу мәнерін мына мысалдардан да көруге болады. Соғыс басқан даланың келбетін жас ақын былай суреттейді:

...Жер кеудесі жаралы

алтын күздің

Көрпесінде қызыл қан жылжып ақты.

Даланың айғызданған қанды жүзін,

Тазартып жаңбыр суы жуып жатты.

Жарақаттанып госпитальда жатқан жас жігіт өмірге аса құштар. Ауыр жараның азабын көрсе де, ол жазылар күнді сағына күтеді. Терезеден көрінген табиғат оған өзгеше сұлу болып елестейді.

...Күн сәулесін сіміріп әрбір таса,

Түрілді шымылдығы түннің мақпал.

Қайыңға бұлбұл қонып ән шырқаса,

Соғады алақанын жапырақтар, -

дейді ақын.

Соғыс бітіп, халқымыз бейбіт құрылысқа кіріседі. Қираған қала, өртенген заводтар қайтадан қатарға қосылады. Міне, бұл жайды ақын «жендік, бітті соғыс» дей салмай, нағыз поэзиялық, образды сөзбен бере білген.

...Куды соғыс түтінін біздің дабыл...

Әлемге жүзін тосты көктен күн, ай.

Жердің жұмыр жаралы омырауын,

Жасыл бинтпен орады көктем-апай.

Жас ақынның бұл сияқты көркемдік табысы поэманың әр жерінен-ақ кездесіп отырады. Ақын өз ойын, өз білгенін

барынша шыншыл, өз мәнерімен айтуға тырысады. Жас автордың поэзиялық ізденуін байқататын бірнеше мысал келтірейік.

...«Батысқа, алға» деп тұрды қабырғасы –
Үйлердің бомба тиіп секпілденген.
...Күннің алтын жіңішке кірпіктері,
Жай ғана оятады сені сипап,
Күннің жылы жұп-жұмсақ алақаны.
...Оқ жыланның басындай тұр қайқиып,
Әскери заводтардың трубалары.

Негізінен жақсы шыққан бұл поэманың өзіндік табыстарымен қатар, кемшіліктері де жоқ емес. Егер поэманың алғашқы жартысы логикалық шындығымен өте нанымды берілсе, ақырғы үш бөлімдегі оқиға асығыс баяндалған. Махаббат қызығынан айырған жауға деген ер жігіттің кегі де, соғыс та, жаралану да, елге оралуы да әбден нанымды. Мұның бәрінде де пафос сезіледі. Ал, солдаттың университетке оқуға түсу, семьялы болу, бейбітшілікке шақыру картиналары толық, жан-жақты берілмеген.

...Аяқ жоқ деп, достар-ау неге ашынам,
Көріңдер, қолтығымда қос балдағым, - дегенге сене қою қиын. Өйткені адамды оның қуанышынан, қайғысынан айықтыра салу оңай емес. Егер солдат аяғының жоқтығын ұмытарлықтай шынымен бір бақыт тапқан болса, оны дәлелдеу керек. Сол сиқты жігіттің ұлы туралы ойлары да бүтін киімге жамалған жамау сияқты басы артық, оғаш көрініп тұр. Одан кейін, поэманың әдемі кестесін бұзып тұрған сөз салақтығы да байқалады. Күшті, көркем жолдармен қатар, әлсіз сөздер де ұшырайды.

...Я, сенің күнің бітті бұлғақтайтын,
Қарашы!

Айнала өрт...

Бұл жақсы емес.

Бұйра түтін тынымсыз будақтайтын,
Біздің село заводтың мұржасы емес.

Т.Бердияровтың ең әлсіз деген жолдарында да поэзия элементі жалт етіп көрініп қалады. Алайда, жас ақын өлеңнің техникалық жағына шеберлене беруге тиіс. Қандай жақсы ойдың өзін үйлесімді ұйқаспен, халыққа ұғымды тілмен бере білмесе, өлеңнің әсері көп төмендейді.

Қорыта айтқанда, Т.Бердияровтың «Мен өмір сүремін» поэмасы – жас ақынның елеулі табысы. Ол бұл поэмасы арқылы өзінің жақсы мүмкіншіліктері бар екенін танытты.

1955

«ТҰҢҒЫШ» ТУРАЛЫ

Үстіміздегі жылы қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы бірнеше жас ақын, жазушының тұңғыш шығармалар жинағын басып шығарды. Бұл – қуанарлық оқиға. Мұның өзі әдебиетіміздің тың күші – жас жазушылардың көбейіп келе жатқандығын дәлелдейді. Алғашқы жинағы жақында ғана баспадан шыққан жас ақын – Ізтай Мәмбетов сол әдебиет майданына жаңа қосылған талапкердің бірі.

Оқушы әрбір жаңа шығармадан, жинақтан автор қандай көркемдік жаңалығымен көрінер екен деп іздейді. Ал, жаңалық дегеніміздің өзі – жазушының не ақынның өз жаратылысын, өзіне ғана тән мінезін, үнін көрсете білуі деген сөз ғой. Бұл шарт Ізтай Мәмбетовтың алғашқы жинағында толық орындалған деп айта аламыз. Бірақ, жас автордың ізденуін, ақындық қуатын байқататын өлең жинақта аз емес. Мұны әсіресе, жинақтың «Түркия түнегінде» деп аталатын бөліміндегі бірнеше өлеңнен айқын көруге болады.

«Шайханада» деген өлеңде ақша үшін арын, тәнін сатқан, бақытсыз қыздың ауыр халі суреттеледі. Бұл өлеңде нағыз ақындық тапқырлықтан туған әдемі-әдемі суреттер бар.

...Қалғанда қара көзі төңкеріліп
Кеткендей қара жерге шер төгіліп

...Еріксіз езу тартып күледі қыз
Түріктің түнегіндей жүрегі мұз.
Қадалса қара талдың қабақтары
Көңіліне құлазыған кіреді күз.
...Таусылған шараптай-ақ кеседегі
Тамтымдап өмір оты өше берді...

Жинақтың бұл бөліміндегі «Азаттық әні», «Бай ниеті», «Жетім бала», «Жапанда» сияқты өлеңдердің әрбірінен-ақ жас ақынның өмір көрінісін өзінше, өз даусымен жырлап, білгенін көреміз. Тек қана жас ақын шетел өмірін суреттегенде кейбір үстірттіктен, дилетанттықтан сақ болса дер едік. Ізтай Мәмбетовтің жинағында оқушы жүрегіне жылы тиетін басқа да өлеңдер кездеседі. Жинақтың лирика жолдары деп аталатын бөліміндегі «Сыр», «Бір сүйгенін мың артық», «Қоштасарда» сияқты өлеңдер жас ақынның адам өмірін, көңіл күйін суреттеуге шеберленіп қалғанын аңғартады. Бірақ, әлі де болса жас ақын поэзиядағы кейбір жалған сарындардың әсерінен шыға алмай жүрген сияқты. Оқушы ақыннан өмірдегі үлкен құмарлықтарды, күшті сезімдерді жырлауды талап етеді. Әзірге Ізтайдың лирикалық жолдарында нағыз өмірден гөрі жалпылама тандану, белгісіз құмарлану көбірек ұшырайды. Нақтылық аз.

Жинақтағы аудармалар жас ақынның жақсы табысы деп айтуға болады. Жалпы, Ізтай аудармаларының көпшілігі – шебер аудармалар. Тіпті, кейбір өлеңдерді аударма деп те ойламайсың.

Өте үйлесімді аударманың бірі – Шевченконың «Қайтемін қара қасты құр» деген өлеңі. Бұл өлеңді ұзақ та болса әдейі оқушы назарына сала кетуді ойладық.

Қайтемін қара қасты құр,
Қайтемін қара көзді мен,
Не керек маған жас ғұмыр
Жас ғұмыр қысқа өзгеден.
Қыз күнім, міне таусылды,
Таусылды ізсіз ол ағып

Қап-қара қою қасымды
Түсірді жайсыз жел қағып.

Көңілім енжар, азалы
Бейне бір торғай тордағы,
Қайтемін сұлу ажарды –
Бақыттан тұл боп сорладым.

Қиын ғой тірлік жетімдік
Болмаса туған баспанан,
Туыстар жат жан секілді,
Тілдесер таппай жақанам

Білмейді ешкім, мен неге
Булығып бұлай жылаймын.
Айтар ем, болса, біреуге
Нені аңсап, неге құмармын.

Неліктен жүрек – көгершін
Шарқ ұрып, демі тарылды.
Келмейді ешкім білгісі
Ұқпайды ешкім зарымды.
Жайымды көрмес тіпті ешкім,
Несіне және сұрасын, -
Жетімнің күні босқа өтсін,
Жалынсын мейлі жыласын.
Жүрегім көзім жасың төк
Барында жарық дүние.
Жалынып қатты жыла тек
Бір тынып самал үніңе.

Әкетсін аққан жасымды
Теңіздің арғы жағына.
Опасыз жанның мен сүйген
Қайғы боп батсын жанына.

Міне, нағыз творчестволық аударма осылай болса керек. Ал, Ізтайда бұл сияқты тамаша шебер аудармалар аз емес. Жинаққа енген классиктер өлеңінің дені өте жатық аударылған деуге болады. Соның бірі – Некрасовтың «Бесік жыры». Бірақ, Ізтай аудармасының бәрі біркелкі емес. Кейбір өлең түп нұсқасының жалпы мәнін бергенмен, көркемдік қасиетін, ұйқас ырғағын сақтай алмаған. Пушкиннің «Чаадаевқа» деп аталатын атақты өлеңі нашар аударылған.

Пока свободою горим,
Пока сердце для чести живы,
Мой друг, отчизне посвятим
Душы прекрасные порывы.

Бойда азатшыл от барда,
Тынғанша аршыл жас жүрек
Арналсын, досым, отанға
Біздегі жақсы бар тілек, -

болып, өлеңнің мағынасы берілгенмен, өлеңдік жағы оригиналдан көп төмен қалып қойған. Мұндағы сөздердің жасандылығы байқалып тұр. «Азатшыл от», «аршыл жүрек» деген ұғымдар әрбір оқушыға түсінікті емес. Бірақ, жалпы алғанда, Ізтай аудармалары қазіргі аударма поэзиядан өз орнын аларлық көркем аударма деп білеміз.

Жинақта ақынның өзіндік бетін көрсете алмайтын өлеңдер де аз емес. Бұл, әсіресе, «Бейбітшілік бақшасы» деп аталатын бөлімдегі өлеңдерден көп ұшырайды. Мұнда ақын әртүрлі тақырыпты жыр еткенімен, олардың көркемдік шешімін таба алмаған. Көп өлеңдерде ақынның өз сырынан гөрі, жаттанды жалпы жұртқа әбден мәлім болған жайлар басым. Мұны, «Туыстан сәлем қабылда», «Жаңа порт», «Сапар», «Біз келеміз», «Далада», «Май күні», «Шал өлеңі», «Түнгі қырман», «Бүгінгі таңда», «Жолда» сияқты өлеңдерден байқауға болады.

Жас ақынның кей өлеңдерінде қазіргі қазақ поэзиясының әбден таптанды болған тәсілдерінің әсері сезіледі.

...Жүгірдік сумен жарысып,
Қуана қарап каналға,
Жанымыз жатты жалғасып,
Москва,
Қызыл алаңға («Май күні»).

Немесе:

...Астықты қызыл керуен.
Қалаға лек-лек ағылды.
Түнде де Ильич нұрымен
Үдеді еңбек дабылы.

(«Түнгі қырман»)

сияқты жолдар ешбір пафостан тұмаған жалған патетиканың жемісі екенін ажырату қиын емес. Ақын, поэзияның жұты боп табылатын осы секілді жалпыламалықтан, мәлім жайларды жаза беруден неғұрлым аулақ болса, соғұрлым ұтқан болар еді. Я, болмаса, «Алпысыншы жылдарды артқа тастап, Тиеді оны ер еңбек дүбірлі етіп» («Коммунизм жолында»), деген сияқты жолдар кімнің жанына азық бере алады.

Жас ақынның кейбір өлеңінде сөзді дәл, өз мағынасында, қолдана білмеушілікті көреміз. Мәселен, «қирады түрме – тар, дозақ, тағдырындай доллардың» («Кездесу»), «Учаскеміз қарсы алды, бақ құшағы секілді» («Бүгінгі таңда»), «Ырыс боп өсіп тұр оның, жалынды жастық жігері» («Жазғы таңда»), «Көктемдей көңіл көгерді, қарсы алды тойды құмымыз» («Май күні»), «Алдымызда тұр жонда, күтіп, толқып, жас ырыс» («Біз келеміз») сияқты тармақтардағы тенеу, бейнелеу сөздердің ешбірі, ойды дәл бере алмай тұр. Мұның өзі жас ақынның өлеңге, оның әрбір сөзіне өте мұқият болуы керектігін көрсетеді.

Ізтай Мәмбетовтің жинағы «Тұңғыш» деп аталыпты. Тұңғыш перзентке ие болу адамның есейгендігін көрсетеді. Тұңғыш адамға үлкен право алып берсе, үлкен міндет те артады.

Ізтай өлеңдеріндегі жаңа лебізге оның көркем өлеңдеріне біз де қуанамыз. Жас ақын өлеңдеріндегі өзіне тән емес

кейбір, еліктеу әсерлерден батыл арыла отырып, өзіне ған-
тән өлең нақышын табар деп, поэзия бақшасына өз гүлін егіп,
өсірер деп үміттенеміз.

1955

ТАБИҒИЛЫҚ ЖӘНЕ ЖАСАНДЫЛЫҚ

Поэзиядағы шеберлік мәселесі – шешуді тілеп отырған аса маңызды мәселе. Қазіргі қазақ поэзиясының жалпы ақуалы оқушыға да, ақындарға да мәлім. Пікір алысатын, ойласатын жайлар көп. Өлең – адамның қайғысына да, қуанышына да ортақ жан жолдас. Халық жырларын жыршылар айтып отырғанда, талай адамның еріксіз жылағанын, шынымен шаттанғанын көрдік. Халық жырларының осы күнге дейін сүйкімді болып келуі кездейсоқ көрініс емес. Оның себебі – бұл жырлардың миллиондаған халықтың көңіліндегі ортақ ойды, арманды бере білуінде...

Жалпы көркем әдебиет сияқты поэзияның да басты құралы – тіл. Олай болса жақсы өлеңнің бәрінен бұрын тілі жақсы болуы керек.

Тіл мен ой тығыз байланысты. Сондықтан өлеңнің тілі жақсы, ойы әлсіз деп қарауға болмайды. Тілі жақсы болса, ойы да жақсы болғаны. Бізде осы уақытқа дейін өлеңді идеясы жақсы екен, тілі жақсы екен деп жекелеп бағалаушылық болып келді. Ал шынында, өлең біртұтас үйлескен шығарма болуы керек. Оның идеясы да, тілі де, мазмұны да бір-ақ нәрсеге қызмет етеді. Өлең автордың натурасын (жаратылысын) беруі керек, егер бұл шарт орындалмаса, өлеңді ұйқас та, тіл де өлең ете алмайды...

Поэзияның табиғаты ешбір жасандылықты көтермейтіні мәлім. Өлеңнің жабыққанға күш беріп, мұңайғанды серпілтетін қасиеті оның жүректен төгіле шыққан шыншылдығына, табиғилығына байланысты. Табиғилық – өлеңнің үлкен қасиетінің бірі.

Қазақтың атакты ақыны Қ.Аманжоловтың өлеңдерін бүкіл халқымыз сүйіп оқиды. Оның жырларының шыншыл, әрі көркем болуы бәрінен бұрын ақынның өз табиғатын көрсете білуіне байланысты екені даусыз. Қ.Аманжоловтың көпшілік өлеңдерінде ақынның арманы, адамдық сезімі, көңіл-күйі айқын көрініп отырады. Сондықтан оқушы өз ойымен ақын ойынан ұқсастық, үндестік табады. Өлеңге керектің өзі осы ғой.

...Өкінбен мен де бір күн өлемін деп
Өкінем ұқсата алмай келемін деп.
Күніне жүз ойланып, мың толғанам,
Өзіммен бірге өлмесін өлеңім деп.
Барым да, бақытым да осы өлеңім,
Жақыным, жүрегімнің досы өлеңім,
Өмірге келгенім жоқ бостан-босқа,
Мен қайтіп босқа жасап, босқа өлемін.

Міне, осы үзіндінің өзінен-ақ жүректі кернеген сезімін бар даусымен айта білетін үлкен ақынды көруге болады. Ақын Қ.Аманжоловтың өлеңдеріндегі қарапайымдылық, затты өз атымен атай білушіліктің өзі — шын таланттың белгісі. Философия тілімен айтқанда, қажеттілік тумаған жерде творчествоға еркіндік жоқ. Қасым Аманжолов өлеңдерінің ауадай еркін, табиғаттың өзіндей қарапайым болып келуінің себебі бар. Оның поэзиясы айтпауға болмайтын қажеттіліктен туды.

Армансыз боп өткенше,
Арманда боп өтейін, - дейді ақын.

Оқушы осы сөздердің растығына, ақынның шыншылдығына кәміл сенеді. Мұндағы сөз құрғақ ойшылдықтан, немесе ділмарлықтантуған емес. Бұл өлең — ақынның өмірі, соның әдемі көрінісі.

Талантты ақынымыз Қ.Бекхожиннің биылғы жылы қайта басылып шыққан «Мариям Жагор қызы» атты поэмасы әдебиетіміздегі жаңа табыстың бірі деуге болады. Бұл поэма ақын Мариям мен Дүйсен арасындағы махаббатты тебірене жырлайды. Поэманы оқығанда, ақынның бұлтасыз, шын сөйлеп отырғанына нанасың.

Өзіңнің өрен жырың бұл тағы да,
Ыршыған бұлт астында бұрқануға.
Бұл жырым жүрегіндей сенің таза
Ешкімнің бұрылмаған бұлтанына.
...Үніңе түнді жарып бізге жеткен,
Қосылдым сырынды ұққан қыз жігітпен
Мұң сазы жалындатқан жас қазақты.
Кем бе екен, Марияшым Қызжібектен.

Бұл шумақтарды оқыған адам одан өзіне таныс жайларды табады. Өйткені поэмада шын болған оқиға шыншыл бандалады.

Амал не, поэзиямыздағы кейбір тәуір шығармалармен қатар, ешкімнің жанына жылу бермейтін шығармалар пайда бола бастады. Тіпті кейбір өлеңдерде қарапайымдылық дегеннің ізі де қалмады. Жасанды, сырттай жылтыраған сөз фокустері шықты. Бұл жағдай жақсы өлеңдер жазып жүрген талантты ақынымыз Х.Ерғалиевта да кездеседі. Оның «Сенің өзенің» поэмасындағы кейбір жолдар қанша отырып ойлансаң да ұғуға болмайтын сөз тіркесі болып шыққан.

«...Сіз де, біз де – тұңғыш – тірі
толқыны» (190 б.)

«...Ол емесі табиғаттың заттығы»

«...Қызметінде мінсіз адам болмасы»

«...Чапай Досов айықпады - айықты» (218 б.)

Қазіргі поэзиядағы жасандылыққа бұл да бір мысал. Ақын сөздің айқындығына, дәлдігіне көп назар аудармайтын сияқты. Ұғымды ауырлатып, оқушыға жұмбақтап сөйлеудің қанша қажеті бар? Егер қазақ поэзиясының тағдырына, өсуіне жанымыз ашыса, бұл секілді кемшіліктерді батыл айтуымыз керек.

Х.Ерғалиев жолдастың кейбір жолдарының түсінуге қиын болуының тағы бір себебі ойлау мен тілдің арасындағы алшақтықтан деп ойлаймыз. Ақын «қаранғы түнде тау қалғып» деген өлеңінде мен де өленді орысша ойлап отырмын деген ұғымды айтады. Көп сыр осы арада жатқан сияқты. Абай өленді орысша ойлады деп Х.Ерғалиев қате түсінген. Орыс кітаптарын көп оқыған ақынның бәрі орысша ойлай бермейді. Абай өлеңі қазақ ұғымының дамыған синтезі болды. Абайдың ойлауы мен сөз топшылауы арасында сәйкессіздік болған жоқ. Ал, Х.Ерғалиев мұны ескермеген. Біздіңше, ақын халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан сөз жүйесін, сөз оралымын, тіл байлығын толық меңгеріп және дамытып отыруы керек. Белгілі ақынымыз Тайыр Жароковке де өкпе айтамыз. Қазақ поэзиясына едәуір еңбек сіңірген ақынымыздың кейінгі кездегі кейбір өлеңдері оқушы жұртшылықты қанағаттандырмай келеді. Бұған көп мысал келтіруге болар еді. Бір-ақ мысал алайық. «Әдебиет және искусство» журналының биылғы жылғы бірінші номерінде ақынның «Қақты сағат қанатын» деген өлеңі жарияланды. Бұл өлеңде де ешқандай поэзиялық жаңалық жоқ. Мұнда көп айтылып жүрген кәнігі сөздер ғана бар...

...Қош келдіңіз жаңа жыл,
Құшақ жайған еліме!
Жылуыңды жая біл,
Тұңғиық тың жеріме!
Сені бүгін тік тұрып,
Тыңдағы ел де қарсы алды.
Қарды қырда бүктырып,
Жаңа үйлерде ән салды.

Біз келтіріп отырған үзіндіде қандай тың ой, ыстық сезім бар? Бұл өлең қара сөздің ұйқасқа түскен түрі ғана. Өлеңде аз да болса жаңа лебіз, жаңаша топшылау болу керек емес пе? Мұндай өлеңдер оқушының эстетикалық талғамын өсіре алмайды. Жасандылық сезіліп тұр. Мұндай мысалдарды басқа да ақындардан еркін келтіруге болар еді. Біз бұл мақаламызда

бүкіл поэзиядағы кемшілікті ашпақ болған жоқпыз. Ол бір адамның қолынан келмейді де. Өзімізге ақиқат көрінген кейбір пікірді ғана айттық. Қазақ поэзиясын ілгері дамытудың, шын мәніндегі жоғары көркемдік дәрежеге жеткізудің бір шарты – поэзиядағы жасандылықтан арылуда деп білеміз.

1955

ЕҢ ҮЛКЕН БАЙЛЫҚ

А.....сының тарихында тілдің атқаратын қызметі аса зор екені белгілі. Марксизм классиктері тілді қатынас құралы деп атады. Қоғам өміріндегі әрбір прогресс тілдің қатысуынсыз жасалмайтыны да ақиқат. Сондықтан да тілдің, оның тарихын оқыту, үйрету әр заманда да маңызды міндет болып келеді. Тіл әрбір халықтың жасаған ең үлкен рухани қазынасы деуге болады. Тіл жүздеген жылдарда жасалып толыққан тарихи категория. Ол соншалықты ұзақ дәуірде, ұзақ процесс нәтижесінде туған. Демек, оның келешек тағдыры да ұзақ. Әрбір тіл өзінің табиғи жүйесімен еркін дамуға тиіс. Тіл процесін шаруашылықтың кейбір салаларындағыдай жарлықтармен немесе қаулылармен жеделдетуге яки өзгерте салуға болмайды. Бұл аса жауапты шешетін мәселенің бірі. Коммунистік партияның XX съезінде еліміздегі барлық халықтардың тұрмысын, мәдениетін өркендетудің қажеттігі атап көрсетіледі. Оның тілге де қатысы бар. Олай болса, тілдің кейбір мәселелерін көтеріп, көпшілік пікірін ортаға салуымыз да әбден орынды. Осыдан келіп, қазіргі қазақ тілінің оқытылу жағдайы қандай деген сұрақ еріксіз туады. Шынында біздің мектептерімізде, жоғары оқу орындарында қазақ тілін оқыту мәселесі ойдағыдай шешілген бе? Біздіңше, қазақ тілінің көптеген сөз етерлік жайлары күні бүгінге дейін ескерілмей келеді. Әдетте қазақ тілін оқытудың жайы мен міндеттері көленкеде қалып қояды. Асылы біздің тіл мамандарымыз, кейбір интеллигенттеріміз бұл әңгімені

қозғамай, жылы жауып қоюды жақсы көреді. Бірақ мұны ұлттық тілдің тағдырын ойлағандық деп айтуға ешбір болмайды. Тілдің оқытылу жайы, орфография, терминология мәселелері үлкен сәтсіздікке ұшыраулы.

Ең алдымен, бізде тілдің табиғатын елемеушілік байқалады. Тілдің сан ғасырлық өмірде халықпен бірге жасасып келе жатқан мәдениет екенін ұғуымыз тиіс. Әрбір тілдің ұшан теңіз мүмкіншілігі болады. Ол қоғам өміріндегі прогреспен ілесе өсіп, өркендеп отырады. Әр заманның тіл байлығы өзіне сай. Егер ертедегі қазақ тілі өз дәуірінің қажетін өтесе, қазіргі қазақ тілі социалистік өмірдің қатынас құралы болып отыр. Қазіргі қазақ тілі – адамзаттың ең ұлы ойшылдары – марксизм классиктерін өз тілінде сөйлете білген бай тіл болып саналады. Ол бұдан былай да көркейе, жандана түспек. Қазақ тілінде дүниежүзілік әдебиет қазынасына қосарлық тамаша көркем шығармалар жасалды.

Алайда, біздің арамыздан осы шындықты ескермейтін жолдастар да табылады. Ондайлардың зияны да аз болып жүрген жоқ. Бұл – мәселенің теориялық жағын түсінбеуден туар деп ойлаймыз. Коммунизм тұсында бір тіл екінші тілді жеңеді деген тұжырымды кейбір жолдастар қазіргі өмірге қолданатын аксиома санайтын көрінеді. Мұны нағыз зиянды көзқарас деп атамасқа болмайды. Бұл секілді үстірттікті ешбір елдің тарихынан іздеп табу қиын.

Бәрінен бұрын қазақ мектептерінде қазақ тілін оқыту жайы мәз емес екендігін айтуымыз керек. Қазақ тілінің грамматикасы мектептердің 7 класына дейін ғана өтіледі. Әрине, осы уақыттың ішінде де көпшілік оқушы сауаттана алады. Міне, осыдан кейін мектеп бітірушінің басым көпшілігі қазақ тіліне қайта оралмайды. Өйткені Қазақстанның бірде бір жоғары оқу орнында (филология факультетінен басқа) қазақ тілі пәні жүрмейді. Жоғары оқу орындарында қазақ факультеттерін ашудың қажеттігін айтпағанның өзінде, институттарда оқитын қазақ студенттеріне қазақ тілін оқыту шарт. Жоғары оқу орындарын, әсіресе техникалық, жаратылыс факультетін бітірушілердің басым көпшілігі

қазақтың әдебиет тілін мүлде ұмытып шығады. Осыдан барып орысша сөйлей, жаза алатын, бірақ ойындағысын ауызша да, жазбаша да қазақ тілінде жарытып жеткізе алмайтын кадрлар пайда болады. Мұның ақыры неге соғатынын өмірдің өзі көрсетіп келеді. Бізде қазақ тілінде жаза білетін иженер, агроном, зоотехник, физик дегенді ілуде бір кездестіруге болады. Мұның өзі көп жағдайда кісі күлерлік жайға душар етеді. Қазақ интеллигенті ана тілін білмейді! Ең қынжыларлығы сол – бұл мәселені кейбір жолдастар әбден табиғи, заңды көрініс деп санайды. Ол-ол ма? Халқымыздың мақтанышы болып саналарлық профессор, ғылым кандидаттарының дені қазақша кітап түгіл, кішкене мақала да жаза алмайды. «Самарқанда бір қызым бар, бұдан һәм сорақы» деген екен біреу. Біздің басшы қызметте отырған қазақ жолдастардың біразы да қазақша сауаттымыз деп мақтана алмаса керек. Астанадағы, облыс орталықтарындағы балаларының көпшілігі қазақ тілін білмейтіні құпия ма? Әрине, бұл арада балалардың еш айыбы жоқ. Кінәлі олардың ана тілін менсінбейтін, «оқыған» ата-аналары екені даусыз. Бұл жөнінде жекелеп мысал келтірмесек те, әркімнің-ақ көкірегінде сайрап тұрғаны түсінікті. «Дүмше молда дін бұзар» дегендей, мұндай көріністі тіл бұзарлық демеске болмайды. Қайткен күнде де, тілді екінші тілді ұмытудың есебінен үйрену жақсылық емес. Қалада тұратын әжелер мен олардың немерелерінің ыммен немесе тілмәш арқылы сөйлесетінін де көріп жүрміз. Міне, бізде орыс мәдениетінен үйрену дегенді нақ осылай, тұрпайы түсіндірушілер аз емес. Кейбір жолдастар прогреске жетудің бірден-бір жолы ана тілін ұмыту деп ойлайтын тәрізді. Әрине, олар баяғы Абай айтқандай «Прошение жазуға, тырысар келсе шамасы» дейтін білімнің, мәдениеттің бетінде қалқып жүргендер екені күмәнсіз. Қазақ балалары өз ана тілін өте жақсы білетін болсын деген мәселені батыл қоятын уақыт жетті.

Қазақ мектептерінің ерекшелігімен санаспаушылық жоғары оқу орындарының қабылдау емтиханынан да айқын көрінеді. Мектептерде орыс тілін оқытудың жетімсіздігі анық.

Қазақ мектебін бітірушілер көбінесе орысша өз ойын түгел айтып жеткізерлік болып шықпайтыны мәлім. Бұл бір жылда немесе бірнеше жылда шешілерлік жай емес. Ендеше, осы шындықпен есептесуге тура келеді. Амал не, көптеген жоғары оқу орындарының басшылары бұған тым қарадүрсін қарайды. Соңғы екі жылдың ішінде қазақ мектебін бітіруші мен орыс мектебін бітірушіге қабылдау емтихандарында орыс тілінен бара-бар талап қоюшылық байқалды. Мұндай әдістің қателігі әркімге аян. Мысалға өткен жылы Қазақтың мемлекеттік университетіне түсуге арыз берген, қазақ мектебін бітірген абитуриенттердің көпшілігі орыс тілінен қанағаттанғысыз баға алғанын айтсақ та жеткілікті. Әрбір абитуриенттің қабылдау емтиханын ана тілінде өткізуіне мүмкіндік тудыру керек. Әрине, қазақ оқушыларынан сынақты ана тілінде алған күнде де олардың ең таңдаулылары ғана қабылданады. «Білсең де, білмесең де орысша сөйле» деу зорлық. Мұндай ретпен не бір талант иелерінен, өздерін ғылым мен техникаға арнаған жастардан айырылып қалуға болады.

Ал жоғары оқу орындарында қазақ тілі мен әдебиетінің мамандарын даярлайтын филология факультеттерінің халі нешік? Біраз институттың қазақ тілі, әдебиет факультеттері қазірдің өзінде жабылып отыр. Дәлдеп айтқанда, ондай факультет қазір университет пен Абай атындағы педагогикалық институтта ғана бар. Шындығында қазақ мектептеріне, ғылыми орындарға қазақ тілі мамандарын даярлау қажеттігі бітіп қалды ма? Біздіңше, мәселе біраз басқашалау сияқты. Әрине, Қазақ ССР Оқу министрлігі қазақ тілін оқыту перспективасын ғылыми негізге сәйкес шеше алмай отырған жағдайда әр түрлі кездейсоқтық болуы мүмкін. Қазақ мектебін бітірушілер орыс тілін білмейтіндіктен жоғары оқу орнына түсе алмай отырса, енді кім өз баласын қазақ мектебіне бергісі келеді. Мүмкіндігі болса, әркім-ақ орысша мектепті іздейді. Бұл соңғы бір-екі жылда, әсіресе анық көрініп отыр. Әлбетте, қазақ балалары қазақша оқымайтын болса, оған тіл маманының қажеті жоқ. Тілдің тағдырын шалағай белсенділердің еркіне берсе, олар «әр баста бір қиял» дегеннің

керін келтіріп жүндей түтер еді. Асылы, Қазақ ССР министрлігінің басшылары осы мәселені өздері анық түсінбейді.

Тілді табиғи заңдылығымен көркейту үшін, оның еркін дамуына мүмкіндік туғызу керек. Бастауыш метептен бастап жоғары оқу орнындағы қазақ студенттеріне дейін қазақ тілін жүйелі түрде оқытудың қажеттігі де осыдан. Теориясыз практика соқыр болатыны сияқты, тілді оқыту мәселесін де ғылымға негіздемесе болмайды.

Қазіргі қазақ тілі совет жылдарында көптеген техникалық-ғылыми терминдермен байыды. Көптеген ескі сөздер жаңа мазмұнға ие болды. Ондаған соны ұғымдар, тың оралымдар сөз жүйелері жарыққа шықты. Мұның бәрі республикадағы мәдени революцияның жемісі екендігінде дау жоқ. Тілді барлық салада дамыту үшін қазақ тіліндегі техникалық, саяси, ауылшаруашылық газет, журналдары үлкен роль атқаруы тиіс. Бірақ мұнда да шалағайлық бар екенін жасыруға болмайды. Тілдің мүмкіншілігін, барлық қуатын жарыққа шығару үшін ондай журналдар қазақ тілінде шығуы шарт. Қазақстандағы «Қазақстан ауыл шаруашылығы» журналының, «Қазақстан мұғалімі» газетінің орысшадан аударма болып шығатындығын үйлесімді деуге болмайды. Бұларға түсетін материалдардың бәрі де орыс тілінде жазылып, одан соң қазақшаға аударылады. Осыдан барып, біріншіден, көбінше жасанды тілмен ауарылған мақала қаптаса, екіншіден, қазақша ойлап саяси, техникалық мақалалар жазуға жол жабылады. Мұндай жағдайда қазақ тілінің ұшан теңіз байлығын пайдалануға, оны дамытуға орын аз екені даусыз. Қазақ оқушысының жалпы аударма әдебиетті, оның ішінде аударма журналдар мен газеттерді сүйсіне оқи алмайтыны сондықтан.

Қазақ тілінің шешілмеген мәселелері тіпті көп. Жеке сөздерді әр түрлі жазушылық екінің бірінен ұшырайды. Қазақ тіліндегі барлық сөздерді бір ізге түсіретін жаңа орфография сөздігі қажет-ақ. Тіпті тілдің тарихи қалыптасқан жүйесін орынсыз бұзушылық газет, журнал беттерінде де жиі

байқалады. «Ауылдың жанында қой жайылып жүр» деудің орнына «Ауылдардың жандарында қойлар жайылып жүр» дегенді көре бастадық. Мұндай шым-шытырықты ғылыми негізде пікір алысып қана шешуге болады.

Кейбір жолдастар қазақ тілін «прогреске» жеткізуді көздеп, оған орынды-орынсыз «жаңалық» енгізуге күштар. Бұдан бірнеше жыл бұрын баспасөз бетінде қазақ тіліндегі «h» әрпін жоюдың амалы қайсы деген айтыстың болғаны да есімізде. Бірақ «h» әрпін жоюға мүмкіншілік болмағандықтан, ол бос талас болып өтті. Ондай науқандар әлі күнге дейін болып келеді. Соның бірі қысқарған сөздер жайындағы өткен жылғы мемлекеттік терминологиялық комиссияның шешімі деуге болады. Өткен жылдан бастап, бұрыннан күллі қазақ оқушысына түсінікті «СОКП», «СОТА» сияқты сөздер «КПСС», «ТАСС» деп жазылатын болды. Осы арада біздің кейбір тіл мамандарымыздың тым белсенділік көрсеткеніне қынжылмасқа болмайды. Мәселе «СОКП», «КПСС» деген жеке сөздерде тұрған жоқ. Біздің оқушымыз ол екеуін де түсіне алады. Әңгіме тілдің заңдылығының бұзылуында болып отыр. Мүмкін, терминком мүшелері бірнеше қысқарған сөзді орысша алғаннан жалпы тілге нұқсан келмес деп те ойлаған шығар. Бірақ бұл ғылыми қате ұйғарым екенін батыл айта аламыз. Тілмен ой тығыз байланысты. Оқушы қысқарған сөздерді оқығанда, оның әрпін емес, мағынасын еске алады. Егер оқушы қысқарған сөздердің мәнін ұға алмаса, сол сөз тұрған сөйлемді де түсіне алмайды. Қысқарған сөздердің жалпыға түсінікті баламасын өзгерту тіл заңдылығына жасалған зорлық демеске болмайды. «СОТА-ның фотохроникасы» деудің орнына, «ТАСС-тың фотохроникасы» дегенде не ұттық? Түк те ұтқанымыз жоқ. Сырт қарағанда «ТАСС» деп аталған тіл мұқалмайтын тәрізді. Бірақ оқушы «ТАСС» деп ойсыз көз жүгіртпейді ғой. «ТАСС» деген «Телеграфное агентство Советского Союза» емес пе! Сонда «ТАСС-тың фотохроникасы» дегеніміз «Телеграфное агентство Советского Союзаның фотохроникасы» болып шықпай ма? Тілдің негізін, оның табиғи жүйесін бұрмалау

деген осылай болса керек. Әрине, барлық қысқарған сөздердің қазақша баламасын іздеп сарсан болу шарт та емес шығар. Оның бәрін қазақша қолдануға қазақ тілінде оригиналды техникалық, ғылыми еңбектердің аздығы мүмкіндік бермейді. Көптеген қысқарған сөздер, мәселен, «Васхнил» деген сияқтылар орысшадағыдай алынып жүр. Бұл осылай-ақ болсын. Бірақ қазақ баспасөз бетінде жиі қолданылатын, барлық оқушыға түсінікті қысқарған терминдерді өзгерту ақылға сыймайды. Мұндайда жұртшылық пікірін ортаға салып отыру орынды болар еді.

Мектептерде, жоғары оқу орындарында қазақ тілін оқытудағы, тілдің лексикалық, орфографиялық, терминологиялық мәселелеріндегі даулы жайларды шешудің маңызы зор. Бұл бәрінен бұрын бүгінгі өмірдің қажетінен туып отыр. Бұған әсіресе тіл мамандары, әдебиетшілер, күллі интелгенция қызу атсалысуы тиіс.

1956

ӘДЕБИЕТ ПӘНІ ЖӘНЕ ОҚУЛЫҚ

Ертең еліміздің мектептерінде жаңа оқу жылы басталады. Сан мыңдаған жас жеткіншектер тұңғыш рет мектеп есігін ашып, білім жолына алғашқы қадам басқалы отыр. Совет үкіметі мен Коммунистік партия жас ұландардың сапалы білім алып, өнер биігіне өрлеуіне барлық жағдайды жасады. Елімізде жаппай орта дәрежелі білім алу міндеті жүзеге асып келеді. Жыл сайын совет мектептерін бітіріп шыққан жастар отан игілігіне еңбек етіп, туған елдің экономикасы мен мәдениетін өркендетуге қызу ат салысып отыр.

Мектеп қабырғасында оқушыларға ғылым негіздерін үйретуде сапалы жасалған оқулықтардың атқаратын қызметі зор. Әсіресе, соңғы жылдарда қолға алына бастаған политехникалық білім беру ісінің келешегі үлкен. Осының

арқасында мектеп бітірушілері жан-жақты мамандық алып, қиындықтан қорықпайтын, өмірге икемді азамат болып өседі.

Оқушыларға эстетикалық тәрбие беріп, олардың жалпы білімін өсіруде әдебиет оқулықтарының орны ерекше. Әдебиет оқулықтары жас жеткіншектерді өз халқының бай әдеби мұраларымен, атақты жазушылардың тандаулы шығармаларымен таныстырады.

Орыстың ұлы ойшылдары мен педагогтары мектептерде әдебиет сабағын сапалы өтуіне айрықша назар аударған. Ұлы педагог Ушинский өзінің бастауыш кластарға арналған ана тілі оқулықтарында жас ұланның өз халқының тілін, сөз өнерін жете біліп шығуына қатты назар аударған. Қазақтың тұңғыш педагогі Ыбырай Алтынсариннің оқулықтарында да осы мақсат айқын көрінеді.

Совет үкіметі жылдарында қазақ халқының мәдениеті өсті. Қазақ мектептерінде оқып білім алған мыңдаған оқушылар қазіргі кезде республикамыздың шаруашылық мәдениет салаларында игілікті жұмыс атқарып жүр. Қазіргі кезде қазақ мектептерінде ана тілі мен әдебиеттен жүйелі түрде білім алуға мүмкіндік беретін тұрақты оқулықтар бар. Олардың педагогикалық, методикалық сапасы да жылдан жылға жақсартылып келеді. Мұның бәрі, әрине, қуанарлық жағдай. Алайда, қол жеткен табыстарымыз едәуір бола тұрса да, әлі де жетіп болмаған, немесе ескерілмей қалған мәселелер де аз емес. Бәрінен бұрын қазіргі кездегі бастауыш кластардың ана тілі, жоғары кластардың әдебиет оқулықтарында кемшілік көп.

Оқушы ана тілінің байлығымен, оның барлық өзіндік нақышымен бастауыш кластардан бастап танысатыны белгілі. Олай болса, сол кластарға арналған ана тілі оқулықтары жан-жақты, жас ұлан талабын толық өтерліктей болуға тиіс. Қазақстанның оқулықтар баспасы соңғы бірнеше жылдар ішінде бастауыш кластарға тұрақты ана тілі оқулығын шығарып келеді. Онда жастарды патриотизмге, адамгершілікке тәрбиелейтін, табиғат, қоғам танытатын материалдар аз емес. Бірақ осы оқулықтарда бір нәрсе мүлде

ұмыт қалған деуге болады. Ол – оқушылардың тілін ширататын, ұстартатын материалдардың кемдігі. Осы оқулықтардың ішінде қазақтың төл шығармалары, әсіресе тілге бай, өрнегі мол ауыз әдебиеті шығармалары тым аз берілген. Оқушылардың ана тіліне деген сүйіспеншілігін, ықыласын өсіретін қызғылықты ертегілер, аңыздар, мақал-мәтелдер, жаңылтпаштар, тапқыр сөздер мұнда жоқтың қасы. Оның есесіне оқушының түсінуіне қиындық келтіретін ұзақ-ұзақ аударма өлеңдер көп-ақ. Құрастырушылар оқулық жасаудың оңай әдісінен бас тартып, қазақ оқушысына шын мәнінде зәру материалдарды көбірек беруі керек.

Қазақ мектептерінің жоғарғы кластарына арналған әдебиет оқулықтарының да көп кемшіліктері баспасөз бетінде айтылып келеді. Әсіресе, сегізінші, тоғызыншы кластардың әдебиет оқулықтары тым жұтан, бірыңғай қалыптан шықпай қойды. Бұл кластардағы оқулықтардың негізгі кемшілігі онда әдебиеттің өткендегі нұсқалары мен жеке жазушылардың шығармаларының тиісті дәрежеде берілмеуінде. Атап айтқанда, сегізінші класс әдебиет хрестоматиясының екі-үш қана жырдың үзіндісімен шектелуі, басқа да нұсқалардың аз берілуі орынды емес. Бұған әдебиет тарихын зерттеудегі бұрмалаушылықтар мен нигилистік көзқарастардың да зияны тиіп келді. Ендігі жерде жоғарғы класқа арналған оқулықтарда, хрестоматияларда қазақ әдебиетінің мол байлығы тиісті дәрежеде көрініс табуы тиіс. Оқулықтардың сапалы шығу қажеттігін еске ала отырып, оны жасауға конкурс жариялап отырса, істің жайы қазіргіден анағұрлым жақсара түскен болар еді.

Жас жеткіншектерге эстетикалық тәрбие беру – педагогиканың аса қажетті міндетінің бірі. Мұның бәрі жас азаматтарды өнерлі, сезімтал, зерек етіп өсіру мақсатынан туған. Ендеше мектептерде әдебиет сабағын жоғары сапалы жүргізу ісі оқулық авторларын қатты ойландыруға тиіс. Онан кейін, бір кездерде әдебиеттану ғылымында орын алған жаттампаздықтан, материалды үстірт түсіндірушіліктен арылу қажет. Әдебиет оқулығы көркем, таза әдеби тілмен,